



Ғарышты игерудегі жетістіктер



- Сабақтың түрі: Физикалық кеш
- Сабақтың әдісі: баспасөз конференция



Мақсаты:

- Ғылыми фантастика кезеңінен бастап ғарышты іс жүзінде игерудегі жетістіктер мен космонавтиканың ғылыми және практикалық маңызы туралы талқылау.




Оқушыларды 2 топқа бөлу

I топ:Баспасөз қызметкерлері

II топ Ғалымдар, конструкторлар, ғарышкерлер,
тарихшылар, дәрігерлер

Адам-ғарыштық тіршілік иесі- өміріндегі астрономияның рөлі.



- Адам баласының қоғамдық дамуы үздіксіз өсіп, өрістеп отыратын күрделі процесс. Қаншама болдым-толдым десе де адам баласы қол жеткен табыстармен шектеліп қала алмайды.,ол әрқашан көбірек білуге құштар болады да тұрады.Өйткені, бізді қоршаған әлемде әлі де болса ашылмаған сырлар, шешілмеген жұмбақтар, жүрілмеген жолдар баршылық

Константин Эдуардович Циолковский (1857-1935)



- Ғарышқа алғашқы қадам жасау белгілі ғалым.

С.П.Королев(1907-1966)

Королев Сергей Павлович (1907—1966)



Кеңес ғалымы, зымыран-ғарыштық жүйелердің конструкторы, КСРО ғылымы Академиясының академигі. Королев С.П. Украинадағы Житомир қаласында мұғалімнің жанұясында дүниеге келген. Ол Одессадағы екі жылдық кәсіптік мектепті бітіріп құрылыс жұмысшысы болып істейді.

1924 ж. Киев политехникалық институтына түсіп, екінші курстан кейін Мәскеу жоғары техникалық училищесінің (МЖТУ) аэромеханика факультетіне ауысады. Жеңіл моторлы ұшақ туралы дипломдық жұмысын А.Н. Туполевтің жетекшілігімен дайындаған.

1930 ж. С.П. Королев МЖТУ-ді және онымен қатар Мәскеу ұшқыштар мектебін бітіреді. Үш жылдан

- Орыс ғалымы. Инженер конструктор.

- Тұңғыш жасанды Жер серігі біздің еліміздегі “Байқоңыр” ғарыш аймағынан 1957 жылы ұшырылды.



Ю.А.Гагарин (1934-1968)

Гагарин Юрий Алексеевич (1934—1968)



КСРО-ның ұшқыш-ғарышкері,
ғарышқа алғаш ұшқан адам

Юрий Гагарин Смоленск облысы
Гжатск ауданының Клушина
селосында шаруа жанұясында дү
ниеге келген. 1951 ж. Мәскеу
маңындағы Люберцы қаласында
қалыпқа құюшы мамандығы

бойынша кәсіптік училищені және жұмысшы жастар
мектебін, сондай-ақ, 1955 жылы Саратовта
индустриялық техникумды үздік бітірді. Техникум
студенті кезінде Гагарин Саратов аэроклубында қатар
оқыды. 1955 ж. аэроклубты бітірген ол Бірінші Чкалов
әскери ұшқыштардың авиациялық училищесіне түсті.

Осы университетті бітірген соң (1957) Саратовтік аэроклубы


- 1961 ж. 12 сәуірде адамзаттың қазақ жерінен космос әлеміне ұшып шықты.

- 1963 жылдың маусымында ғарышқа бірінші рет әйел-Валентина Терешкова ұшты.




Қазақстандағы “Байқоңыр” космодромынан ғарышқа самғап ұшқан халық батырлары-Ұлы Отанымыздың мақтанышы.

- Тоқтар Әубакіров




- Талғат Мұсабаев



- 1991 ж қазанның 2-і күні Байқоңырдан қазақтың тұңғыш ғарышкері ғарышқа самғады. Тоқтар аға Кеңес Одағының батыры. Халық қаһарманы, авиация генерал-майоры.

- 1998 жылы орбитада 7 ай жүріп, 7 рет ашық аспан әлеміне шықты. Осы ерлігі үшін әлемдік рекортарды тізетін, Гинес кітабына аты алтың әріппен жазылды.




1969 жылдың 20 шілдесінде американ астронавтары Нейл Амстронг және Эдвин Олдрин Айға қонды. Жерге жүздеген килограмм ай топырағы жеткізілді.

1974 жылы Мәскеу түбіндегі Калининградта(казір Королев)
Ғарышқа ұшуды басқарудың орталығы құрылды.



Ғарыштық ұшуды басқарудың орталығы

- “Союз -10” ғарыштық кемесінің “Байқоңыр”
- ғарышты айлағынан ұшырылу сәті.



“Атлантс” ғарыштық кемесінің
қону сәті бейнеленген.




- 1984 жылы Кеңес Одағы орбитаға “Мир” ғарыштық станциясының алғашқы үлгілерін шығарды. Ол бес жыл бойы орбиталық кешенде 171 ғарышкер ұзаққа созылған 28 ғылыми экспедициялар, мыңдаған ғылыми тәжірибелер жасады.
- Тоқсаныншы жылдары басқа ғаламшарларды зерттеу жұмыстары жалғастырылды.
- 1990 жылы “Магеллан” Шолпан бетінің картасын жасады.
- 1995 жылы “Галилео” ғаламшараралық станциясының атмосфералық зонды Юпитерге жетті.
- 1997 жылы Марсқа өздігінен жүретін “Pathfinder” аппараты жеткізілді.
- 2001 жылы NEAR ғарыш аппараты Эрос астероидына қонды.

- Қазір ондаған елдердің өзінің ғарыш айлақтары бар, қазіргі замаңғы метеорологияны жер серіктерінсіз көзге елестеу мүмкін емес. Орасан зор ғарыштық бағдарламаларды қазір көптеген елдер біріккенде ғана орындау мүмкін. Олардың ішінде адамның Айға және Марсқа ұшуы, Плутонды және астероидтар белдеуін зерттеу бағдарламалары бар. 1998 жылы орбитада Халықаралық ғарыштық станцияның құрылысы басталды, онда Ресей, АҚШ, Канада, Еуроодақ және Жапониядан келген мыңдаған адамдар еңбек етуде.



- Қазақстан қазір ғарышты игеруде мол мүмкіндігі бар мемлекетке айналып отыр. Ғарышкерлер Тоқтар Әубақіров пен Талған Мұсабаев қазақстандық ғарышкерлердің көшін бастады.



- М.Қозыбаев атындағы мемлекеттік университетінің жанындағы обсерватория .

- Болашақта “Энергия”, “Боран” ракеталары Айға құрылыс материалдарын жеткізеді. Ракеталар ұшып-қонатын алаңдар, адамдар тұратын үйлер салуға кіріседі. Адамзаттың ендігі арманы Айды мекен етіп, тұру. Ендігі кезекте Марсты зерттеу түр. Онда ауа, су тіршілік нышандары бар ма, соны білу керек. Марсқа барып-қайтуға жарты жылдан астам уақыт кетеді. 2015-2018 жылдарда Марсқа ұшыратын кеме біздің Байқоңырдан аттанбақ. Ғарышкерлер 3 топқа бөлінеді.. Олар: Экипаж командирі, бортинженер және зерттеуші маман. Бір ғарышкерді даярлауға 20 миллион доллар кетеді.



- Назарларыңызға рахмет!

